

терең таным. Сондықтан, Алаш философиясының басқа да дін философиясы, өнер философиясы, заң философиясы, билік философиясы т.б. арналы салалары да болашақта арнайы қарастыруды талап етеді.

Әдебиет:

1. Шаңбай Т.Қ. Алаш философиясы әлем қазақтары мәдениеті контекстінде // Әлем қазақтарының рухани сұхбаты: Х.а. ғыл. – теор. конф. Материалдары / Құраст: Е. Тілешов, Г. Әріпбекова, О. Сүлейменов. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. – 364 бет.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 бет.
4. Байтұрсынұлы А. Білім жарысы // Ахмет Байтұрсынұлы. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.
5. Байтұрсынұлы А. Аз уақытта көп білу жолының басы. // Айқап, 1912. №4. 82 – 83 беттер.
6. «Қазақ» газетінің редакциялық «Орда гербі» (таңбасы) мақаласы. // Қазақ. 1918. 15 январь.

ӘОЖ 7.3(574):929

АҚЫЛ КӨРКІ – ТІЛ, ТІЛДІҢ КӨРКІ – СӨЗ

Шота Қ.

(ф.ғ.к., Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА – ның профессоры,
Алматы қ., Shota – 55@mail.ru)

Аңдатпа

Қазақ халқының шешендік өнерінің өзіндік ерекшеліктері өте жоғары. Бұл мақалада шешендік өнердің өзіндік ерекшеліктері және сөйлеу мәдениетінің құндылықтары туралы сөз болады. Шешендік сөздердің құдіреті және бізге өшпес мұра болған ауыз әдебиетінің озық үлгісінің тәрбиелік мәні зор екендігі маңызды болып табылады. Мақалада қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық жадында сақталғандығы айтылып, олар бастапқы қалпында емес, бізге, кейінгі ұрпаққа ұзын – ырғасы, үзік – жұрнағы ғана жеткендігі қарастырылып, бірнеше шешендік өнердің үлгілері талданады.

Түйінді сөздер: шешендік сөз, шешендік өнер, жер дауы, жесір дауы, мал дауынды халық даналығын, асыл мұра, ел аузындағы сөз, баталы сөз, ақылды ой.

Аннотация

Идентичность казахского народа особенно подчеркивается лучшими образцами ораторского искусства. В этой статье мы поговорим о ценностях и особенностях культуры речи. Могущество устного творчества – это бессмертное наследие фольклора и назидательный пример для воспитания будущих поколений. Нюансы этого культурного пласта передались через сохранение мудрости народа в крылатых фразах задолго до развития письменности.

Ключевые слова: ораторское слово, ораторское искусство, земельные споры, споры о наследстве, имущественные споры, наследие предков, устное творчество, слова благословения, крылатые фразы.

Annotation

The identity of the Kazakh people is especially emphasized by the best examples of oratory. In this article we will talk about the values and features of the culture of speech. The power of oral creativity is an immortal heritage of folklore and an instructive example for the education of future generations. The nuances of this cultural layer were transmitted through the preservation of the wisdom of the people in winged phrases long before the development of writing.

Key words: speech, oratory, land disputes, inheritance disputes, property disputes, legacy of ancestors, oral creativity, words of blessing, winged phrases.

Кіріспе

Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөз – ғасырлар бойы халық сынынан ерекшеленіп, екшеліп бізге жеткен құнды мұра, асыл қазына екендігін көптеген ғалымдар айтып, зерттеп, зерделеді. Шынымен шендік өнерге халқымыз ерте замандардан – ақ аса мән беріп, құймақұлақ жастар мен жасөспірімдерге сөз қадірін түсінуді, қадірлеуді үйретті.

Ежелгі грек, рим елдерінде шешендік өнерді «риторика» деген атпен жеке пән ретінде оқылса, біздің дала «академиктері» ұтымды ой айту мен тапқыр сөзге аса мән бергендіктен ғасырлар бойы өзінің өскелең крпағын сөз өкдіретімен тәрбиеледі. Соның арқасында болар, жетім мен жесірін жылатпай, дана бабаларымыз ұл – қызына қамқор болып, олардың азамат болып өсуіне ықпал жасай білді. Ұшса – қыранның қанаты, шапса – жүйріктің тұяғы талатын шетсіз де, шексіз даламызда бір де бір «жетімдер үйі» мен «қартар үйінің» болмауының өзі сөз құдіретінің айғағы іспеттес.

Дүние жүзіне әйгілі ерте заман шешендері Пратогор, Демосфен, Цицерон, Квинтилиан сияқты өз заманының мемлекет қайраткерлері, елді аузына қаратқан ұлы ойшылдар болса, қазақтың шешен – билері Майқы би мен Аяз билерден басталып (XII – XIII ғғ.), Жиренше шешен, Асан қайғы (XIV – XV ғғ.) есімдемес, бүтіл түркілер арасына танымал болғандығы тарихтан белгілі [1, 9].

Тарих бізге ата – бабаларымыз, атақты тарихи тұлғалар: қазақ халқының хандары мен сұлтандары, билері, мкөсемдері мен батырлар, билер, аңызшылар, өз заманының ғана емес, болашақтың да қамын ойлап, ғасырлар бойы бірлікке, тұтастыққа талпынды және осыған үйретуден жалықпады. Олардың қатарын Шалғез, Бұхар (XV – XVIII ғғ.), Шортанбай, Дулат, Мұрат, Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билерл жалғастырды [2, 20 – 55 б.]

Шешендік өнерінің кеңінен дамып биіктеген кезеңі – XV – XVIII ғғ. Бұл кез қазақ халқының жоңғар, қалмақ, қытай басқыншыларына қарсы тұрып, өз тәуелсіздігін қорғау жолындағы күрес жылдары еді, сол кездері еленің көтерген жүгі де ерекше болатын. Халық даналығымен сусындай өскен сөз өнерін еркін меңгерген, аттары халыққа мәшхүр болған, тағылымы мол ата–бабаларымыз жетіп артылады. Жауды қылышымен тоқтатып, дауды бір ауыз сөзбен шеше білген халық арасынан шыққан «дала академиктері» өскелең ұрпақ үшін өшпес мұра, қайталанбас ерлік екендігі кімді де болса қайран қалдырады.

Қазақтың шешендік сөздерін өзге жұрттың атақты ғалымдары мен оқымыстылары жоғары бағалады. Мысалы, алғаш шешендік сөздердің нұсқаларын академик В.В.Радлов (XIX ғ.) зерттеп жинақтады. Ол аса көрнекті фольклортанушы ретінде танытқан «Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері» атты 10 томдық еңбек жазды. Бұл көп томдықтың әр кітабы әр түрлі халықтардың фольклорына арналған. [1, 12 – 14]. Оның 1 – кітабы (1886) – алтай, құманды татарлары, шор, саян; 2 – кітабы (1868) – шұлым, түрік, хакас; 3 – кітабы (1870) – қазақ; 4 – кітабы (1872) – барабы, тобыл, түмен татарларының фольклорына айналды.

Қазақ фольклоры үшін аса қымбат қазына болып табылатын 3 – томдағы ел аузынан дәлме – дәл жазып алынған шығармалар, ақын – жыршыларға берген мінездеме, халық ауыз әдебиетінің жанрлық құрамын белгілеуі, халық шығармаларының тіл және стиль ерекшеліктерін анықтауы бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Радлов жинаған фольклор үлгілері «халық өлеңдері» (жеке шумақтар, бата сөз, жоқтау, бақсы сөз, өтірік өлең), «Ертегілер», «Батырлар жыры» («Ер Көкше», «Ер Тарғын», «Сайын батыр») болып жіктелген. Сонымен бірге айтылған шешендік сөздерді де жазып алып жүрді. Ол: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде

сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын», – деп көрсете отырып, әсіресе қазақ тілінің тазалығы мен табиғилығын дұрыс аңғарып, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігі өзіне ерекше әсер еткенін жазған [3, 2.].

Қазақтың шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерін жинап жариялағандардың бірі – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының жас өспірімдерді тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбие құралы екенін жете танып, өз еңбектеріне орнымен енгізіп, пайдалана білді.

Шешендік сөздерді алғаш зерттеушілердің бірі – М.Әуезов. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1927 ж.) еңбегінде «Билер айтысы» деген арнаулы тақырыппен шешендік сөздердің кейбір түрлеріне мысалдар келтіреді. Ауыз әдебиетінде алатын орны мен халықтық сипатына дәлелді ғылыми тұжырымдама береді [4]. Ауыз әдебиеті мұраларын зерттеп, жинап, ерекше еңбек сіңірген ғалым – лингвист А.Байтұрсынов шешендік өнерді жеке алып қарастырып, құнды пікірлер білдірді (1926 ж.). Шешен сөз, көсемсөз, дарынды сөз деп үш топқа бөліп, әрқайсысын қолданыс орнына қарай (саясатқа қатысты, сотта сөйлеу, қошемет сөздер, ғалымдардың ғылыми тақырыптағы сөзі, діни уағыз сөздер) іштей тағы беске бөліп, әрқайсысына қысқаша түсініктер, тың анықтамалар берген [4].

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет.

Қазақ халқының шешендік өнерінің өзіндік ерекшеліктері өте жоғары. Ең алдымен қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық жадында сақталған. Сондықтан олар бастапқы қалпында емес, бізге, кейінгі ұрпаққа ұзын – ырғасы, үзік – жұрнағы ғана жеткен, олардың өзі де ауыздан ауызға ауыса жүріп, өңдеу – жөндеуге көп ұшыраған, әлденеше ұрпақтың, талай таптың санасынан, сарабынан өткен, сөйтіп қысқарып, ұстарып, жалпы халық шығармасына айналған.

Қонақта, немесе бір мәселені талқылау үстінде көп жасаған, кәрі құлақты қариялардың аузынан шыққан жүйелі ой, маыналы сөз құйма құлақ талапты жастардың жүрегінен орын алып, оны өнер қуған қыз – бозбала жаттап алып, жүрген – тұрған жерлерінде, ойын – жиындарда айта жүрген. Өзінің қажетіне, өмірдің тілегіне қарай жаңартып – жаңғыртып отырған. Заман тілегіне, халық мүддесіне жауап беретін баталы сөз, ақылды ойлар ғана халықпен бірге жасап, ұдайы жаңғырып, жасарып отырған.

Шешендік сөздер ертегі – аңыздар мен халық поэзиясынан іріктеліп, сұрыпталып, бөліне отырып, халықтық бірыңғай әдеби тіліміздің қалыптасуына себепкер болғандығы айдан анық. Шешендік сөздердің сөйлем құрылысы мен сөздік құрамы, мазмұны, тұлғасы да қазіргі әдеби аса алшақ емес. Шешендік сөздер ауыз әдебиетінің басқа салаларымен қосылып, қазіргі қолданылып жүрген сөздігіміздің негізгі қоры, ұйытқысы екендігі өтірік емес. Демек, шешендік сөздерді зерттеп – талдау, оқып – үйрену ана тіліміздің байлығын, сөйлем құрылысын, дұрыс сөйлеу заңдылығын жетік білуімізге, сайып келгенде, әдеби тілімізді дамытып, ой – өрісімізді кеңейтуге себепші болды десек, артық айтпағандық.

Қазақ шешендік сөздері мазмұнына қарай, шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау бірнеше тарауға бөлеміз. Солардың ішіндегі шешендік арнау адамдар арасындағы қарым – қатынасты, сыластықты білдірсе, шешендік толғау халықтың философиялық көзқарасын көрсетеді, ал шешендік дау қазақ қауымының заттық және рухани даулы мәселелерді реттейтін ежелгі әдет заңын бейнелеп, ру арасындағы небір

дау – жанжалдарды бейбіт жолмен шешіп, ел бірлігі мен татулықтың қамын ойлаған [2, 221 б.].

Зерттеу әдістемесі

Белгілі халық шешен – билермен қатар есімдері белгісіз дана қариялар, сөзге шебер әйелдер, ұтқыр ойлы тапқыр балалар, жарлы болса да елі үшін жан берген жұртты шешендігімен тәнті еткен батыл да, батыр жігіттер атынан айтылатын небір шешендік сөздер халықтың мұңын мұңдап, сөзін жоқтайды.

«Кісі көркі – жүзінде, жүздің көркі – сөзінде»,– деп Ж. Баласағұн жырлағандай, қазақ халқының сөз өнерінде «қызыл тілін сайратып, шешен сөйлейтіндігі» анық. Ертеде тілді тұғыры санаған қазақ халқының басты артықшылығы шаршы топта найза орнына тілі қару болып, алысқанды да, шабысқанды да шебер тілмен шенеп, орынды жерде сөзбен түйреген.

Топ алдында сөз айту ең алдымен, сол елдің игі жақсыларына берілген. Мысалы атақты Доспол қарияға бір топ жас келіп:

– Ата, сіз көп нәрсені басыңыздан өткердіңіз. Осы дүниедегі ең қиын не нәрсе? – деп сұрапты.

Сонда қария:

– Е – е, қарақтарым, шаршы топта ең алдымен көсемі сөйлейді,

Көсемі болмаса, шешені сөйлейді.

Көсемі де, шешені де болмаса, есері сөйлейді.

Көсем мен шешеннің сөзі тыңдаушыға шырын болады,

Есердің сөзі – уақытқа шығын болады.

Тауып сөйлесең халқың мереке қылады,

Таппай сөйлесең, келеке қылады.

Шырақтарым, дүниедегі қиынның қиыны – шаршы топта сөз айту, – деген екен [5, 75].

Шешендік өнерде – ақындық, жыраулық, жыршылық, айтыс секілді қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшелігін көрсететін негізгі тараулар күллі қазақ мәдениетінің өзегі болып отырғаны анық. Сондықтан біз сөйлеу шеберлігі туралы әңгіме қозғаған кезде, шешендік өнерден айналып өте алмаспыз анық. Өйткені, шебер сөйлеу, айтқан сөздің нысанаға дәл тиюімен, дүйім жұрт алдында елдік маңызды мәселелерді төрелік шешуде, ойын ұшқыр жеткізе алуда, көпшілікпен тез тіл табыса алуында үлкен жол ашатындығын анық білеміз. Ақын – жыраулардың толғау, термелері, айтыстары т.б. осы шешендік сөздердің алғашқы баспалдақтары. Сондай – ақ, аты аңызға айналған Асан, Жиренше, Абыз, Қарашаш, Әнет баба, Жетес би, Төле би, Қазыбек, Әйтеке т.б. билер мен шешендер туралы әңгімелер, насихат өлеңдер де шешендік өнердің алғашқы табалдырығы екендігінде шүбә жоқ [6, 69].

Мысалы, ел арасына жастайынан – ақ танымал болған абыздарымыз туралы мынадай әңгімелердің бір – екеуіне тоқталып көрейік:

Төле би Әлібекұлы он үш жасында – ақ билік етіп, кесім айтқан. Бұл жағдай былайша сипатталады: «Төле бидің шешесі қайтыс болып, жыл толған соң әкесі Әлібек бәйбішесіне ас береді, үш жүздің баласына үш жүз үй тігеді. Үй бас сайын күтуші тағайындап қояды. Әлібек баласын шақырып алып:

– Төле қарағым, ортадағы үлкен ақбоз үйдегі кісілердің қолына су құй, – деп тапсырады. Бала Мамай бидің алдына келгенде сүрініп кетеді. Сонда Мамай:

– Е, балам, олжаңа ортақпыз, асса, әкең Әлібекке де қалдырып қой, – депті. Төле сәлден кейін үйге кіріп:

– Дат, тақсыр! – депті. Мамай би:

– Балам, құлағымыз сенде, – дейді.

Сонда бала Төле:

– Таңның таң екенін кім білер,

Сарғайып барып атпаса.

Күннің күн екенін кім білер.

Қызарып барып батпаса.

Орданың орда екенін кім білер,

Мен сияқты қызметші бала

Сүрініп құлап жатпаса.

Иттің ит екенін кім білер,

Жығылып жатқан баланы

Тақымынан алып қаппаса.

Бұл сөзім сізге жеткен шығар,

Сүйегіңізден өткен шығар.

Аса қадірлі болсаңыз да,

Қадіріңіз кеткен шығар.

Сұраған соң шекер ме,

Би олжасыз кетер ме?!

Осы сөзім сізге олжа,

Түсінсеніз жетер де, – деп сыртқа шығып кетеді.

Осы оқиғадан кейін Мамай би:

– Е, халайық, жаңағы бала кім еді? – деп сұрайды.

Жұрт:

– Әлібектің баласы – Төле, – дейді.

Мамай би:

– Бүгіннен бастап билікті сол балаға бердім, ендігі билеріңіз Төле болады, – депті Кейін Төленің шешендігі, тапқырлығы, ділмарлығы, білімдарлығы Ұлы жүздің биі дәрежесіне дейін көтерді. Жалпы тарихта сөз төресін тура айтқан Төле бидің ел дамуына қосқан үлесі сансыз. Ал шешендік жолда Төле би тағылымынан сабақ алу үлкен мектеп [б. 50 – 51].

Екі елдің басшылары шабындыққа таласып келе жатып, қой жайып жүрген он төрт жасар Күдеріге кез болады да: «Кел, осы балаға жүгінісейік» – дейді.

– Біз шөпке таласып келе жатырмыз. Олар: «Біз орамыз» – дейді, біз: «Жоқ, біз орамыз» – дейміз. Осыған жас та болсаң төрелік айт, – дейді даугерлер.

Сонда Күдері баланың айтқан төрелігі:

Өзімнің атым Күдері,

Ер Көшектің баласы.

Талассаң бағаң кетеді, таласпасаңдар не етеді?

Бірлік қылсаң, ағалар,

Анау тұрған шабындық,

Баршаңызға да жетеді.

Дүние деген жалған ғой,

Бастарыңнан әлі – ақ өтеді.

Бала да болсаң, дана екенсің, рақмет, төрелігіңе құлдық. Бала ғұрлы ақылымыз жоқ екен» – деп, екеуі шөпті бөліп, даугерлер жай – жайына кетіпті. Осылайша «Талассаң бағаң кетеді» деген сөз ел арасына тарап кеткен екен [5].

Қорытынды

Ойымызды қорыта келе айтпағымыз, «шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген», «Халық айтса, қалып айтпайтын» осынау даналықтың астары шешендік

өнердің, әдемі сөйлеудің, сөз нақышымен ұтымды ой айтудың қазақ халқында бар қасиет екенін дәлелдей түседі.

Адмдар арасындағы түрлі даулар мен тартысты сөздер тек қана намысты жыртумен шектелмейді. Қашаннан бергі жер дауы, жесір дауы, мал дауынды, яғни дау–жанжалдардың бәріде де біріншіден, дүние – мүлік таласы болса, екіншіден атақ–абырой үшін болған дау – дамай, ел арасындағы тартыс. Яғни, шешендік сөздер, негізінде, халық даналығынан туған асыл мұра, халықтың сарқылмас қазынасы. Шешендік сөздердің құдіреті мен оның құндылықтары сөз сайысында, алқа топтың алдында айтылып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні жасалды. Сол айтылған сөз «атылған оқ» болып, дауға түскен әңгіме. ауыл – ауылға тарап, ақыр соңында ел аузында айтылған сөз аңызға айналып бізге жетіп отыр. Құймақұлақ дарынды жандар бізге сол өшпес мұрамыз ауыз әдебиетінің озық үлгісін біздерге жеткізді. Алайда, дәл қазір біз сол дәстүрді қайта жаңғыртып, сөз өнерінің киелісі шешендік өнерді бүгін қолға алуымыз керек. «Қайта жаңғыру» дегеніміздің өзі ата – бабадан қалған асыл мұрамызды қайта тірілту. Ендеше тіліміздің қастерлі де, қасиетті тұстарын жастарға елеп – екшеп беру біздің басты міндетіміз деп білсек, оны жалғастырып әкету болашақ жастардың еншісінде. Ендеше, көкірегі ояу, намысшыл, ұлтжанды азамат тәрбиелеуде әлі де атқарылар іс шаш етектен екедігі айқын.

Әдебиет:

1. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004. – 42 б.
2. Тарихи тұлғалар. Танымдық – көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітап баспасы”, 2009. 376 б.
3. Радлов В.В. Краткий отчет о поездке в Семиреченскую область летом 1869 г. // Известия РГО. Т.6. №3, с. 99.
4. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. 360 б. ISBN 9965 – 26 – 096 – 6.
5. Ел аузынан. «Мектеп», – Алматы, 1989, 320 б.
6. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Ғылым, 199. – 204 б.

УДК 81.243

К ВОПРОСУ О СОВРЕМЕННОМ СОСТОЯНИИ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ

Штро О.Г.

*(магистр педагогики, кафедра «Иностранные языки», СКГУ им. М. Козыбаева,
stroh1962@mail.ru)*

Эрнст Г.В.

*(учитель иностранных языков реальной школы Хоркезгат, г. Крефельд,
Северная Вестфалия, Германия galina.ernst@gmx.net)*

Андатпа

Бізге шетел тілдерін оқытудағы барлық уақытта атынан онтайлы формаларын іріктеу мен оқыту әдістері арқылы мүмкін ең табысты алға қойған мақсатқа қол жеткізу үлкен қызығушылық туғызады, сондықтан біздің мақсатымыз жас және нысаналы санатқа қарамай, білім алушыларға жылдам және сапалы тілдерді оқыту. Сапалы оқытудың кешенді пайдалануы, барлық жинақталған әлемдік әдістемелік ғылымды талап етеді. Басқа әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, икемді байланыстыратын